

«Жобалық қызмет негіздері» оқу-әдістемелік құралына


Сын пікір

«Жобалық қызмет негіздері» оқу-әдістемелік құралы қазақ және ағылшын тілінде жазылған. Қазақ тіліндегі нұсқасының авторлары: Сейтханова Б.Т., Полатбекова Ш.Т., Садыбек Ұ.Ә.; ағылшын тіліндегі нұсқасының авторлары: Сейтханова Б.Т., Нуралиева Г.Н., Ниязметова Л.Х. Оқу-әдістемелік құралының мазмұны қазіргі медициналық білім беру жүйесіндегі жобалық қызметтің маңыздылығын көрсетеді. Бүгінгі күні медицина саласындағы инновациялар мен ғылыми-зерттеулердің қарқынды дамуы жобалық әдістерді оқу үдерісіне енгізуді талап етеді. Сондықтан бұл оқу-әдістемелік құрал медициналық білім беру бағдарламаларын жаңғыртуға үлес қосатын маңызды ресурстардың бірі болып табылады.

Оқу-әдістемелік құрал логикалық құрылымымен ерекшеленеді. Әр тарауда жобалық қызметтің негіздері жүйелі түрде түсіндіріліп, білім-алушылардың жобаларды тиімді жоспарлау және орындау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Медициналық ғылымдардың ерекшеліктерін ескере отырып, құралда: ғылыми жобаларды ұйымдастыру әдістері, жобалау кезеңдері, медициналық зерттеулерде жобалық қызметті қолданудың практикалық мысалдары кеңінен талданған. Бұл аспектілер білім алушылардың теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Материалдың көрнекі түрде ұсынылуы оқу процесін жеңілдетеді. Суреттер, кестелер білім алушылардың ақпаратты тез қабылдауына және түсінуіне мүмкіндік береді.

«ОҚМА» АҚ, «Патология және
сот медицинасы» кафедрасының
менгерушісі, м.ғ.д., профессор ма.



Handwritten signature